

FTAMP 14.01.45

**А. К. Курманова**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы

## **БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ**

*Мақалада білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді әдістері қарастырылады. Бұл тақырып қазіргі өзекті мәселелердің қатарына жатады әрі қатысымдық бағдарлы оқытумен тығыз байланыста қаралады. Қатысымдық бағдарлы оқытудың мақсаты – оқытылатын тілдің грамматикасы мен лексикасын игерту ғана емес, сол тілде қарым-қатынас құзыреттілігін қалыптастыру, ұсынылған тақырып аясында тілді қарым-қатынас құралы ретінде пайдалануға қажетті дағдыларды игерту. Бұл оқыту түрі білім алушыларды тілді шынайы өмірде қолдануға бейімдейді. Яғни, қатысымдық бағдарлы оқытуда белгілі бір тіл туралы білім берілмейді, керісінше сол тілді қолдана отырып, қарым-қатынас жасау көзделеді, тілдік коммуникация жүзеге асады. Сондықтан білім алушылар тілдік формаларды біліп қана қоймай, оларды нақты қарым-қатынас мақсатында қалай қолдану керектігін үйренулері керек. Осы орайда, коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың тиімді әдістерін анықтау мақсат етілді. Бұл мақсатқа жету үшін мақалада бірқатар міндеттер орындалды, атап айтқанда: «құзыр», «құзырет», «құзыреттілік» ұғымдарына талдау жасалды; «коммуникативтік құзыреттілік» мәселесі қарастырылды; осы мәселені терең қарастыруға көмектесетін ғылыми-әдістемелік құралдардың тізімі қолданылды; талдау, жинақтау, салыстыру әдістері пайдаланылды. Нәтижесінде коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың әдістері анықталды. Осы ретте, білім алушыларға алған білімдерімен жұмыс істеуге, оны одан әрі дамытуға және дағдыларын жетілдіру үшін коммуникативтік әдістерді көбірек қолдануға мүмкіндік беру маңызды деп танылды.*

*Кілт сөздер: құзыр, құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік, коммуникативтік тәсіл, мига шабуыл, тренинг, ойын.*

### **КІРІСПЕ**

«Құзыреттілік» жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда бейімділікті қамтамасыз етеді әрі бәсекеге қабілетті маманмен қамтамасыздандырады. Көптеген елдер құзыреттілікке жаңаша мән беру арқылы білімді жоғары дәрежеге көтерді. Өйткені «құзыреттілік» еңбек нарығында нақты талаптармен, шапшаң дамып жатқан технологиялық өзгерістермен, өзгертулермен, соның ішінде академиялық және еңбектегі мобильдіктің өсуіне негізделеді. Осы орайда, «құзыреттілік» терминінің мәнін филологиялық тұрғыда ашқан жөн. Жалпы 1960-1970 жылдары батыста, 1980 жылдардың аяғынан бастап Ресейде «компетентность» және «компетенция» терминдері білім беру жүйесінде қолданыла бастағаны белгілі. Қазіргі таңда «құзыреттілік», «құзырет» терминдері қазақ тілін оқыту әдістемесіне де дендеп енді. Бұл терминдермен қоса «біліктілік», «кәсіби шеберлік», «педагогикалық мәдениет» ұғымдары да қатар қолданылып келеді.

Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер гуманистік құндылықтарға, коммуникативті мәдениетке, білім беру үдерісіне, білім алушылардың дамуы мен өзін-өзі тануына бағытталғандығын көрсетеді. Сондықтан білім беру, оқу-зерттеу, шығармашылық және басқа да іс-шаралар үдерісінде білім алушылармен қарым-қатынас пен ынтымақтастықта коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру негізгі талаптардың бірі саналады.

Отандық ғылыми ойдың дамуына, коммуникативтік құзыреттіліктің мәні мен құрылымына елеулі үлес қосқандар: И.Л.Бим, Н.Д. Гальскова, В.Г. Костомаров, И.И. Лейфа, К.С. В.В. Сафонова, В.А.Сластенин, Е.Н. Соловова, Г.Д. Томахин, Г.С. Трофимова, О.В.Фадеекина, Т.Н. Чернявская, А.Н. Шамоу, О.В. Шмайлова, С.А.Юсупов. Еуропалық ғылыми мектептерде осы мәселені Т. Hutchinson, А. Waters, Я. Ван Эка зерттеді. Жалпы бұл тақырып өте өзекті, өйткені тілді меңгеру үдерісінде білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға үлкен мән берілу керек. Себебі коммуникативтік құзыреттілік арқылы білім алушылардың басқа адамдармен бірлесіп жұмыс жасаудағы қарым-қатынасы, өзара түсінуі мен оған көмектесуі байқалады.

Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформа мен тұжырымдамалар, өзгеріс пен жаңалықтар әрбір педагогтің жаңа идеямен, жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болады. Осы тұрғыдан келгенде, қоғамдық дамудың қазіргі үрдісі өзінің іс-әрекетін тиімді жоспарлай алатын, танымдық қызметінде алынған білімді орынды пайдалана білетін, түпкі нәтижеге жету үшін түрлі топтардағы адамдармен қарым-қатынас диалогіне түсе алатын, білімді тұлғаны тәрбелеу мәселесін қойып отыр. Бұл білім алушылардың құзыреттілігін қалыптастыруға тікелей байланысты.

Құзыреттілік дегеніміз – алған білім мен біліктерін іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Латын тілінен аударғанда «competence» белгілі бір сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны білдіреді. Сонымен қатар, кез-келген жағдайда шешім шығара алады деп түсіндірілген [1,78]. Бұдан шығатын қорытынды, білім алушылар оқытушыдан тек білімді талап етпейді, өмірге де үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр. Сондықтан да болашақ ұрпақты бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелеудегі жауапкершілік жоғары. Ал қатысымдық құзыреттілікке келсек, ол топпен, ұжыммен жұмыс істеуді бағалау, адамдардың бір-біріне деген сенімділігі, бірін-бірі түсінуі, тыңдап, сыйлай білуі, қарапайым этикет нормаларын сақтауы, өз қателігін түсінуі, басқа адамдармен жұмыс істей білуі тәрізді қабілеттерді қамтиды. Оны жетілдіру үшін оқу үдерісінде әртүрлі жұмыстар жүргізіледі. Олар білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға бағытталады. Сондықтан бүгінгі таңда тіл үйренушілер қазақ тілінде күнделікті тұрмыстағы қарапайым қатынаста тиімді сөйлесе алуы керек. Canale мен Swain (1980) ұсынғандай, бұл қабілет грамматикалық, социолингвистикалық, дискурсивті және стратегиялық құзыреттілікті қамтитын коммуникативті құзыреттілікті қажет етеді. Оның ішінде шешуші рөл атқарушы стратегиялық құзыреттілік танылады [2]. Dörnyei мен Thurrell (1991) мәліметтері бойынша, стратегиялық құзыреттіліктің жеткіліксіз дамуы көптеген білім алушылар жиі шағымданатын еркін сөйлеу мен сөйлеу дағдыларының болмауына әкеледі [3]. Стратегиялық құзыреттілікті *парафраз, сөзбе-сөз аударма, тілді ауыстыру, ым-ишара және көмек сұрау* сияқты коммуникациялық стратегияларды қолдану арқылы байқауға болады, олардың көмегімен әңгімелесушілер қарым-қатынас мақсатына қол жеткізе алады. Коммуникациялық стратегиялар білім алушылардың қиыншылыққа тап болған кезде сөйлесуді қолдау (Dörnyei & Scott, 1997) [4] және сөйлесудің тиімділігін арттыру (Littlemore, 2003) әрекеті ретінде анықталады [5].

Жоғарыда келтірілген материалдарға сүйене отырып, жұмыстың басты мақсаты – коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың әдістерін анықтау болмақ. Бұл мақсатқа жету үшін мақалада «құзырет», «құзыреттілік», «коммуникативтік құзыреттілік» ұғымдарының мәні анықталды, авторлардың көзқарастары мен пікірлеріне шолу жасалды, коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың әдістері анықталды.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Коммуникативтік құзыреттілік мәселесі көлемі жағынан ауқымды, өйткені оның көптеген ерекшеліктері бар. Сондықтан мақалада коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі талданды. Ол өз ішінде, оқу үдерісін жаңаша ұйымдастыруға

мүмкіндік береді, ең бастысы оны тиімді және сонымен бірге білім алушылар үшін ыңғайлы етеді. Бұл мәселені тиімді зерттеу бірқатар зерттеу әдістерін, атап айтқанда *логикалық талдау, салыстырмалы талдау, синтез, формальды, ғылыми әдебиеттерді талдау* әдістерін қолдану арқылы қамтамасыз етілді.

Функционалды әдіснамалық тәсіл арқылы мақаланың мақсат пен міндеттер анықталды, сонымен қатар кезеңдерге бөлінді. Бұл зерттелетін мәселенің барлық аспектілерін толық ашуға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, жүйелі әдіснамалық тәсіл тікелей жұмыс үдерісінің негізін құрады. Оны пайдалану арқылы ғылыми-әдістемелік құралдарға шолу жасалды. Бұл ретте, коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың әдістеріне сараптама жасалды. Талдау және жинақтау әдісі арқылы зерттелетін мәселеге қатысты негізгі ұғымдар толық талданды. Салыстыру әдісі жұмыста маңызды орын алады, өйткені мақалада коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыратын әдістер салыстырылды. Дедукция әдісі бойынша, зерттеу жалпыдан нақтыға қарай жүргізілді. Осылайша, мақалада алдымен жалпы ұғымдардың мәні мен ерекшеліктері анықталды, содан кейін нақты коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру әдістері (Seven climate turkish, 2015) [6].

Осы тақырыпты зерделегеннен кейін алынған нәтижелер коммуникативтік құзыреттіліктің теориялық және практикалық негіздері болып табылады, олардың қазақ тілін үйренетін мақсатты аудиториямен және қазіргі заман жағдайларымен арақатынасы айқындалады. Жұмыстың практикалық құндылығы – оны оқытушылар білім беру үдерісін жүзеге асыру барысында дербес қолдана алады, сонымен қатар осы мәселе болашақ зерттеулер үшін негіз бола алады.

Коммуникативтік құзыреттілік мәселелерін толығымен қарастыру үшін оның теориялық компонентіне назар аудару керек. Алдымен құзыреттілік ұғымының мәнін, сонымен қатар оның негізгі қасиеттерін, белгілері мен түрлерін анықтау керек. Бұл тәсіл жалпы зерттелген мәселені қарастырып қана қоймай, оны жеке элементтерге бөліп, әрқайсысын зерттеуге мүмкіндік береді (Aida, 2021) [7].

Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде: «Құзыр» ұғымына «қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» деген анықтама берілген. Ал «құзыреттілік» деген ұғымға келсек, ол латын сөзі, «competens» – қабілетті, қатысты деген мағынаны білдіреді [8]. «Құзыреттілік» терминіне алғаш анықтама беріп, енгізген американдық ғалым Н.Хомский. С.И.Ожегов сөздігінде: «Құзыреттілік – белгілі бір мәселені жан-жақты білу» деп анықталады [9]. Д.И.Ушаковтың түсіндірме сөздігінде: «Құзырет ақпаратты білуі, беделді болуы, «құзыреттілік» тұлғаның өзінің беделі, танымы, тәжірибесі т.б. арқылы меңгерген сұрақтар жиынтығы» деген түсінік беріледі [10]. Кей ғалымдар «құзырет» белгілі бір салада туындаған мәселені шешуге қажетті білім мен дағды, ойлау және түсінудің жиынтығы деп есептесе, енді бір топ ғалымдар тұлғаның жеке сапасы, жұмысында қабілеті мен іскерлігін практикалық тұрғыда қолдана білуі, ұйымдастырушылық қабілетінің болуы деп санайды. Р.С.Рахметова «құзырет студенттің білуі қажет нәрсе болса, құзыреттілік осы нәрсені жақсы істеуі, өзін-өзі танытуы, білімі, білігі, өзін-өзі бағалауы т.б. мәселелерді қамтиды» деп екеуінің ара жігін ашып көрсетеді [11]. Ал жалпы педагогикалық әдебиеттерде «құзыреттілік» аясында білім алушылардың білімдері болып табылатын танымдық іс-әрекет тәжірибесі, іскерліктер түрінде болатын іс-әрекет тәсілдерін іске асыру тәжірибесі, проблемалық жағдайда шешім қабылдай алу іскерлігі болып табылатын шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі сияқты әрекеттердің күрделі түрлерін жасай алу қабілеті деп түсіндіріледі. Десек те, құзыреттілік – бұл білімді, іскерлікті қолдану қабілеті, оқу міндеттерін шешуде практикалық тәжірибе негізінде табысты жұмыс жасау.

Орыс ғалымы М.В.Рыжаков «Құзыреттілік адамның білімі мен практикасындағы іс-әрекеттер арасында болатын қатынас ортасы болып қалады», -десе [12], поляк ғалымы Иоанна Подгурская: «Білім мен құзыреттілік туралы пікірталасқа тоқталсақ, іскерлікті қалыптастыру бұл да тәрбие, эрудицияны құзыреттілікке қарсы қоюға болмайды. Оларды үйлесімді түрде қолдану керек. ХХІ ғасырда мектеп бағдарламасына енгізу керек білімдер көбеюде, бірақ бұл жолмен жүрсе, мектеп ақпараттарға тойған, бірақ өмірде қорғансыз

адамдарды шығарады. Ал мектеп тек қана өмірге дайындауға бет алса, онда құзыретті, бірақ болмыс туралы терең рефлексия жасай алмайтын адамдарды дайындап шығарады», - дей келе, құзыреттілікке үйрету сабақтың құрамына еніп, сабақтан тыс оқу жұмыстарында жалғасу керек деген пікір айтады [13]. Бұдан құзіреттіліктің жеке компоненттерін анықтау арқылы адамның алдына қойған мақсаттарын орындауға көмектесетін сипаты мен икемділікті байқаймыз. Ол білім алушының алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешу үшін қолдана алу қабілеттілігін көрсетеді. Құзіреттілік тұлғаның бойында білім, дағды, іскерлік, ерік күш-жігердің негізінде қалыптасады. Яғни, «құзыреттілік» ұғымы «білім», «білік» және «дағды» (ББД) сияқты ұғымдарды қамтиды. Бірақ бұл білім, білік, дағдының жаңаша жай ғана жиынтығы емес. Құзыреттілік оқыту нәтижесін (білім және білік) ғана емес, сонымен бірге ол оқушылардың шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді. Оның алғы шарттары мектептегі оқыту үдерісінен бастау алады.

«Коммуникативтік құзыреттілік» термині екі сөзден тұрады, олардың тіркесімі «қарым-қатынастағы құзыреттілік» дегенді білдіреді. Бұл қарапайым лексикалық-семантикалық талдау «коммуникативті құзыреттілік» синтагмасындағы орталық сөз «құзыреттілік» сөзі екенін көрсетеді. Ол адамның әлеуметтік тану, құрметтеу, өзін-өзі тану қажеттіліктерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін және сәтті әлеуметтену үдерісіне көмектесетін маңызды сапалық сипаттамалардың бірі.

Жалпы қазіргі білім беруде құзыреттілік тәсіл кеңінен таралуда. Бұл тәсілді талдау барысында көптеген анықтамаларға шолу жасалды. С.Е. Шишов пен И. Г. Агапов білім алушылардың құзыреттілігін «білім мен тәжірибеге негізделген, оқыту арқасында алынған, жеке тұлғаның оқу-танымдық үдеріске өз бетінше қатысуына бағдарланған, сондай-ақ оның еңбек қызметіне табысты қосылуына бағытталған іс-әрекетке жалпы қабілеті мен дайындығы» деп түсінеді [14]. Яғни, құзыреттілік тұлғаның белгілі бір іс-әрекетті орындауға дайындығын көрсетеді және тек дағдылар, білім ғана емес, сонымен бірге уәжі, құндылық бағдарлары, этикалық көзқарастарын қамтиды. Сондай-ақ, құзыреттілік қазіргі өзгеріп жатқан жағдайларда қызметтің сәттілігін қамтамасыз етеді, өйткені ол еңбек нарығында сұранысқа ие түлектің қасиеттерін бағалауды көздейді.

Мемлекеттік білім беру стандартында «коммуникативті құзыреттілік» коммуникативті міндеттердің белгілі бір түрін қою мен шешу қабілеті ретінде анықталады. Оған қарым-қатынас мақсаттарын анықтау, жағдайды бағалау, серіктестің қарым-қатынас ниеттері мен тәсілдерін ескеру, тиісті коммуникациялық стратегияларды таңдау, сөйлеу мінез-құлқын мағыналы өзгертуге дайын болу сынды әрекеттер жатады. Сондай-ақ, коммуникативтік құзыреттілікке бірінші компонент ретінде басқа адамдармен қажетті байланыстарды орнату және қолдау, қарым-қатынас пен мінез-құлықтың белгілі бір нормаларын меңгеру мен қарым-қатынастың «техникасы» (сыпайылық ережелері және т.б.) кіреді [15]. Сонымен қатар, «коммуникативтік құзыреттілік» білім беру бағдарламаларының жалпы құзыреттілігінің құрамдас бөлігі болып табылатын тәсіл (Халиан, 2016; Қазыбекова, 2019) ретінде де қарастырылады [16,17].

Коммуникативтік құзыреттіліктің маңыздылығы жөнінде де пікірлер баршылық. Мәселен, Л.Поперечная (2012) өз зерттеуінде, мұғалімдердің қарым-қатынас қабілеттері олардың профессиограммасының маңызды компоненттерінің бірі деп көрсетеді. О. Корниязка (2012) жеке тұлғаның кәсіби өсуінің әртүрлі кезеңдерінде коммуникативтік құзыреттілікті дамыту қажеттілігіне назар аударады. Л. А. Петровская басқа адамдармен қажетті байланыстарды орнату және қолдау қабілетін түсінеді. Әрі құзіреттілік құрамына коммуникативті үдерістің тиімді ағымын қамтамасыз ететін коммуникативті білім мен дағдылардың жиынтығын жатқызады [18]. А. Н. Леонтьев коммуникативті құзіреттілік деп коммуникативті дағдылардың жиынтығын түсінеді, атап айтқанда: әлеуметтік қабылдауды немесе «бетпе-бет оқуды» меңгеру; түсіну; топ мүшелерімен қарым-қатынаста «өзін-өзі көрсету»; психологиялық тұрғыдан сөйлеуді оңтайлы құру [19]. Ю. Н. Емельянова коммуникативті құзыреттілікті қарым-қатынас қабілеті ретінде анықтайды: адамның ауызша,

вербальды емес немесе үнсіз қарым-қатынас жасау қабілеті ретінде; интегративті қабілет ретінде; гуманистік жеке қасиеттер негізінде (әдептілік, шынайылық, әдептілік, эмпатия, рефлексия және т.б.) және сұхбаттасушының коммуникативті мүмкіндіктерін ескере отырып, өзінің білім, тәрбие, даму деңгейінде басқалармен өзара әрекеттесу негізінде [20]. Л. А. Петровская коммуникативті құзіреттілік қарым-қатынас үдерісінің сәтті өтуіне ықпал ететін қасиеттер арқылы анықталады деп есептейді әрі бұл қасиеттерді адамның коммуникативті қабілеттерімен анықтайды [18]. А. В. Мудрик «коммуникативті құзыреттілік» ұғымының орнына «қарым-қатынастағы құзыреттілік» ұғымын енгізеді, оны адамның коммуникативті үдерістерінің тиімді ағымын қамтамасыз ететін білім, әлеуметтік көзқарастар, дағдылар мен тәжірибенің белгілі бір жиынтығы ретінде анықтайды [21]. Е. В. Руденский коммуникативтік құзыреттілікті тұлғааралық өзара әрекеттесу жағдайларының кең ауқымында адамның тиімді коммуникативтік әрекеттерін жүзеге асыруы үшін қажетті тұлғаның ішкі ресурстарының жүйесі деп қарастырады [22]. Бұл өз кезегінде, коммуникативті құзыреттілікке негізделген коммуникативті түзету құндылық бағдарлары мен тұлғалық көзқарастар жүйесін өзгертуге бағытталады.

Бұдан бөлек, коммуникативті құзыреттілік сәтті қарым-қатынастың маңызды құрамдас бөлігі екенін анықтайтын және дәлелдейтін зерттеулер де баршылық (Федоренко, 2002). Осы орайда, коммуникативті құзыреттілікті зерттейтін әртүрлі авторлардың жұмыстарын талдау нәтижесінде И. Н. Зотова құрылымға әртүрлі элементтер кіреді деген қорытынды жасайды [23]. Сонымен қатар, осы әртүрлілік арасында коммуникативтік құзыреттіліктің келесі компоненттері айқын көрінеді: коммуникативті білім; коммуникативті дағдылар; коммуникативті қабілеттер.

Коммуникативті білім-бұл қарым-қатынас деген не, оның түрлері, фазалары, даму заңдылықтары туралы білім. Бұл салаға белгілі бір коммуникативті дағдылардың даму дәрежесі және қандай әдістер өз жұмысында тиімді және қайсысы тиімсіз екендігі туралы білім кіреді.

Коммуникативті дағдылар – бұл ойды дұрыс, сауатты, түсінікті түрде түсіндіре білу және оны дұрыс қабылдау қабілеті. Ол жеке тұлғаның жоғары теориялық және практикалық дайындығына негізделген саналы коммуникативті әрекеттер кешені. Олардың дамуы интеллект саласында да, кәсіби маңызды сипаттамалар саласында да жеке ісіктердің қалыптасуымен және дамуымен байланысты.

Коммуникативті қабілеттер-қарым-қатынас процесінде немесе бірлескен іс-әрекеттерді орындау кезінде адамдар арасындағы тиімді өзара әрекеттесуді және тиісті өзара түсіністікті қамтамасыз ететін жеке психологиялық тұлғалық ерекшеліктер. Коммуникативті қабілеттер сізге басқа адамдармен сәтті байланыс орнатуға, коммуникативті, ұйымдастырушылық, педагогикалық және басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру мәселесіне келсек, оның негізі ең әуелі мектепте қаланады. Алдымен, өз ана тілінде ауызекі тілде сауатты сөйлеу, ересектермен, сыныптастарымен еркін қарым-қатынас жасай білу, айтылғанды ыждаһатпен тыңдап, түсіну, өз пікірін жеткізе білу, дұрыс оқу және сауатты жазу т.б. дағдыларын қалыптастырып, соның нәтижесінде өздігінен білім алу, алған білімін өмірлік жағдаяттарға сәйкес қолдана білу қабілеттері мен өмірдегі мәселелерді шешуге арналған білік-дағдылары дамытылады. Оған коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың әдістері, атап айтқанда пікірталас (*талқылау*), *әңгімелесу*, *дәріс-сұхбат*, *семинар-конференция*, *мига шабуыл*, *тренинг*, *рөлдік ойын*, *іскерлік театр* арқылы қол жеткізуге болады. Осы орайда әрқайсысын қысқаша сипаттап өткенді жөн санадық.

Пікірталас – даулы мәселені, проблемаларды талқылау. Оның басқа дау түрлерінен ерекшеленетін маңызды сипаттамасы – дәлелдеу. Даулы (талас тудыратын) мәселені талқылағанда әр тарап әңгімелесушінің пікіріне қарсы шығып, өз ұстанымын дәлелдейді [6]. Пікірталас кез келген проблемаларды, даулы мәселелерді ұжымдық талқылау дегенді де білдіреді. Ол көбінесе күрделі тақырыпты, теориялық мәселені оқу және оқу үдерісін белсендіретін әдіс ретінде қарастырылады. Пікірталас арқылы білім алушы жаңа білім

алады, өзіндік пікірін бекітеді, оны қорғауға үйренеді. Пікірталастың негізгі қызметі – танымдық процесті ынталандыру.

Әңгімелесу - бұл әдістің жетекші функциясы - ынталандыру, бірақ ол басқа да функцияларды орындайды. Практикада әңгімелесу әдісі жаңаны меңгерудің, материалды бекітудің, шығармашылық қабілеттерін дамытудың, жалпы білім беру дағдыларын қалыптастырудың күрделі мәселелерін шешу үшін қолданылады, бұл білім алушыларға мәселені әртүрлі қырдан түсінуге мүмкіндік береді.

Дәріс-сұхбат. Мұндағы мазмұн білім алушылар дәріс барысында тікелей жауап беруі тиіс бірқатар сұрақтар арқылы жеткізіледі. Диалог әдісі білім алушылар арасындағы диалог арқылы шындықты ұжымдық іздеуден (дұрыс жауап, проблемалық жағдайды шешу) тұрады. Бұл әдістің проблемалық әдіспен ортақ белгілері бар, алайда диалогтың тақырыбы міндетті түрде даулы позиция немесе проблемалық мәселе болмауы мүмкін. Білім алушыларға бір немесе бірнеше проблемалық жағдайларға қатысты сұрақ қоя алады, стандарттар туралы білімдерін нақтылай алады және т.б. Мұнда дұрыс жауап бірден табылмауы мүмкін, бірнеше адамның пікірін білу қажет болады.

Семинарлар – конференциялар. Семинар – оқытуды ұйымдастырудың бір түрі, онда білім алушылардың оқу әдебиеттерімен және басқа дидактикалық құралдармен бірқатар сұрақтар, мәселелер мен тапсырмалар тізбегі бойынша өзіндік жұмысы басым болады, ал семинар барысында белсенді пікірталас, оқытушының жетекшілігімен білім алушылардың пікірталастары мен сөздері жалпылау жасайды.

Миға шабуыл - шығармашылық белсенділікті ынталандыруға негізделген мәселені шешудің оперативті әдісі, онда пікірталасқа қатысушыларға мүмкіндігінше көп шешімдерді, соның ішінде ең креативті, фантастикалық шешімдерді айту ұсынылады. Содан кейін айтылған идеялардың жалпы санынан тәжірибеде қолдануға болатын ең сәттілері таңдалады. Миға шабуыл кезінде сынға тыйым салынады және кез келген идея, тіпті күлкілі болса да ынталандырылады. Барлық айтылған ойлар сарапшылар алқасының одан әрі қарауы үшін жазылады. Шешім бекітілгеннен кейін «идея генераторлары» оның қарсыластары мен жақтаушыларына әлсіз жақтарын анықтау және оларды түзету мақсатында таратылады [5].

Тренинг – белсенді топтық өзара әрекеттесу процесінде жүзеге асырылатын және қарым-қатынас саласындағы құзыреттілігін арттыруға бағытталған белсенді оқыту және психологиялық әсер ету әдістерінің бірі [6]. Оқыту басқарушылық шешімдер қабылдау және іскерлік қарым-қатынас жасаудың тиімді технологияларын (әдістерін, тәсілдерін, тәсілдерін) меңгеруге, білім алушыларының жеке ерекшеліктерін ашуға, қарым-қатынас жағдайында мінез-құлқын түзетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқыту процесінде қатысушылар өздерінің жеке ерекшеліктеріне негізделген қарым-қатынас пен шешім қабылдаудың жеке-спецификалық әдістері мен әдістерін қалыптастырады. Тренингтік жағдайға қатысушыларды эмоционалды түрде тарту оқуға жоғары мотивацияны құруға мүмкіндік береді, білімді бекітуді, іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруды күшейтеді.

Ойын – коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру әдісі. Ойын әрекетінің ерекшеліктері қоғам алдында өзін-өзі бекітуге, өзара әрекеттестікке бағдарлану болып табылады. Іскерлік ойын жаңаны меңгерудің, материалды бекітудің, шығармашылық қабілеттерін дамытудың, жалпы білім беру дағдыларын қалыптастырудың күрделі мәселелерін шешу үшін қолданылады және білім алушыларға оқу материалын әртүрлі позициялардан түсінуге және оқуға мүмкіндік береді. Оқу процесінде іскерлік ойындардың әртүрлі модификациялары қолданылады: симуляциялық, операциялық, рөлдік ойындар, іскерлік театр, психо- және элеуметтік драма.

Симуляциялық ойындар. Сабақта кез келген ұйымның, кәсіпорынның немесе оның бөлімшесінің, мысалы, кәсіпорынның, бөлімнің, цехтың, учаскенің және т.б. оқиғалар, адамдардың нақты іс-әрекеттері (іскерлік кездесу, жоспарды талқылау, әңгіме өткізу және т.б.) және қоршаған орта, оқиғаның орын алу немесе іс-шараларды өткізу жағдайлары (бөлім басшысының кабинеті, мәжіліс залы, т.б.) имитациялауға болады. Модельдеу ойынының

сценарийі оқиғаның сюжетінен басқа имитацияланған процестер мен объектілердің құрылымы мен мақсатының сипаттамасын қамтиды.

Операциялық ойындар. Олар нақты нақты операцияларды орындауды пысықтауға көмектеседі, мысалы, эссе жазу, есептерді шешу, үгіт-насихат және үгіт жүргізу әдістері. Операциялық ойындарда сәйкес жұмыс процесі модельденеді. Бұл түрдегі ойындар нақты ойындарды имитациялайтын жағдайларда ойналады.

Рөлдік ойындар. Бұл ойындарда белгілі бір адамның мінез-құлқы, іс-әрекеті, қызметтері мен міндеттерін орындау тактикасы пысықталады. Рөлді орындау арқылы ойындарды өткізу үшін жағдаяттың үлгісі-ойын құрастырылады, білім алушылар арасында «міндетті мазмұндағы» рөлдер таратылады.

Іскерлік театр. Бұл жағдайда білім алушы адамның осы жағдайдағы мінез-құлқын ойнайды. Мұнда білім алушы өзінің барлық тәжірибесін, білімін, дағдысын жұмылдырып, белгілі бір тұлғаның бейнесіне үйреніп, оның іс-әрекетін түсініп, жағдайды бағалап, мінез-құлқының дұрыс жолын таба білуі керек. Сахналық әдістің негізгі міндеті - жасөспірімді әртүрлі жағдайларда бағдарлау, оның мінез-құлқына объективті баға беру, басқа адамдардың мүмкіндіктерін ескеру, олармен байланыс орнату. Сахналық әдіс үшін нақты жағдайды, актерлердің қызметтері мен міндеттерін сипаттайтын сценарий құрастырылады.

Психодрама және социодрама. Олар рөлдерді орындауға және іскерлік театрға өте жақын. Бұл да театр, бірақ ұжымдағы жағдайды сезіну, басқа адамның жағдайын бағалау және өзгерту, онымен өнімді қарым-қатынасқа түсу қабілеті пысықталатын әлеуметтік-психологиялық театр.

Қарастырылып отырған оқыту әдістерінің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар, оларды қолдану кезінде ескеру қажет. Білім алушылардың коммуникативті құзыреттілігін дамыту және қалыптастыру үшін интеграцияланған тәсілді қолдану ең ұтымды. Бұл оқыту әдістерінің жиынтығы. Әрбір әдістің өзіндік артықшылықтары мен шектеулері бар. Егер сіз әдістерді дұрыс біріктіріп, қолдансаңыз, онда эмпатияның жоғары деңгейін, жанжалды жағдайда өзін-өзі ұстай білуді, өзін-өзі көрсету мен көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын, белсенді тыңдау дағдыларын, өз пікірін дәлелдей білу дағдыларын тиімдірек қалыптастыруға болады.

Коммуникативті дағдыларды дамыту мәселесіне байланысты әртүрлі көзқарастарды талдау негізінде қарым-қатынас білім алушының жалпы психикалық дамуының маңызды факторларының бірі екенін анықтадық. Коммуникативтік құзыреттілік, біріншіден, оқу табысына әсер етеді; екіншіден, білім алушының ортаға бейімделу процесі көп жағдайда коммуникативтік құзыреттілікке байланысты; үшіншіден, білім алушылардың коммуникативті құзыреттілігін олардың болашақ ересек өмірінің тиімділігі мен игілігінің ресурсы ретінде оқу-тәрбие процесінде қарастыруға болады. Осылайша, білім алушының өмірінің әртүрлі аспектілері қалай дамитындығы коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру әдістерінің қаншалықты дұрыс тандалғанына байланысты болады. Бұл коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру әдістері білім алушылардың қарым-қатынасын қалыптастыруға, сөйлеу тілін дұрыс меңгеруге, жеке тұлғаның құзыреттілік қатысымдылығын жүзеге асыруға ерекше ықпал етеді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Коммуникативтік құзыреттілік жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады, адамдарды түсіне білуіне көмектеседі. Ал қазақ тілінің коммуникативтік бағытта оқытылуына байланысты және тілді игертудегі түпкі мақсат коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру деп тани отырып, тіл үйренушінің бойында жалпы адамзаттық құндылықтарға және ойлауға негізделген әлемге деген жаңаша көзқарасын қалыптастырады. Ол өз кезегінде қазақ тілінен берілетін білім мазмұнына маңызды үлес қосады. Қазақ тілін игеру үдерісі тіл үйренушінің тұлғалық қалыптасуының пәрменді тетігі де болып табылады. Ал қазақ тілі сабақтарында мақсатты түрде сөйлеу дағдыларын, білігін, қалыптастыру тіл үйренушінің

есте сақтау, ойлау және басқа да психикалық үдерістерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осының негізінде қазақ тілінің әлеуметтік мәні тіл үйренушілерге қазақ тіліне деген қатынастың шығармашылық тәжірибесін тарату арқылы танылады. Ф.Ш. Оразбаева мен Р.С. Рахметова: «Адамдардың қатысымдық құзіреттілігі бәрінде бірдей болмайды. Ана тілінде сөйлейтін адамдардың өзінде де қатысымдық құзіреттілік бір деңгейде кездеспейді. Ол әр адамның қабілетіне, қоршаған ортасына байланысты өзгеріп отырады. Адам жас кезінде қарапайым құзіреттіліктен бастап, өзінің даму барысында аралық құзіреттіліктен өтеді. Ересек болғанда оның бірқалыпты тілдік қатысымдық құзіреттілігі қалыптасады, алайда ол әр адамның тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты болады» дей келе, «қатысымдық құзіреттілікті қалыптастыру үшін сабақ үрдісінде орындалатын жұмыстар қатысымдық тұрғыдан жүргізілуі қажет» деп санайды [24]. Сондықтан коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыру үшін жұмыстарды ұтымды түрде жүйелеп алу қажет.

Қорыта келгенде, қатысымдық құзіреттілікті жетілдіру екі жақты байланыс арқылы іске асады: оқытушы мен білім алушы арасындағы өзара түсінушілік, бірлесіп жұмыс жасауға деген ынта. Бұлар коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыруға тікелей ықпал етеді. Ғалымдардың пікірімен түйіндесек, білім алушының дара тұлға ретінде кез келген жағдаятта, кез келген тақырыпта өз ойын еркін, жүйелі жеткізіп, бір ойдан екінші ойға бірден көшіп, кез келген адаммен еркін, ортақ тіл табыса алса, онда оның қатысымдық құзіреттілігінің деңгейі байқалады. Құзіреттілік – белгілі бір саладағы іс әрекетке қатысты жинақталған білім, білік, дағдысы, тәжірибесі болса, коммуникация – қарым-қатынас, өзара пікірлесу, сөйлесу, ұғынысу дегенді білдіреді. Демек, қатысымдық құзіреттілік – бұл өзара байланыс, пікірлесу, сөйлесуге қатысты коммуниканттардың жинақталған білім, білік, дағдылармен қарулануы, білімдік қатысымды терең меңгеруі.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Сүлейменова Ж.Н., Орынбаев А.Ә., Абитжанова Ж.А. Қазақ тілін оқыту әдістемесінен қысқаша анықтағыш-сөздік [Мәтін]. – Алматы : Эверо, 2009.- 248 б.
- 2 Canale, M., & Swain, M. (1980). Theoretical Bases of Communicative Approaches to Second Language Teaching and Testing. *Applied Linguistics* [Text], 1, 1-47. <http://dx.doi.org/10.1093/applin/1.1.1>
- 3 Dornyei, Z., & Thurrell (1991). Strategic Competence and How to Teach It [Text]. *ELT Journal*, 45, 16-23. <http://dx.doi.org/10.1093/elt/45.1.16>
- 4 Dornyei, Z., & Scott, M. L. (1997). Communication Strategies in a Second Language: Definitions and Taxonomies. *Language Learning* [Text], 47, 173-210. <http://dx.doi.org/10.1111/0023-8333.51997005>
- 5 Littlemore, J. (2003). The Communicative Effectiveness of Different Types of Communication Strategy. *System* [Text], 31, 331-347. [http://dx.doi.org/10.1016/S0346-251X\(03\)00046-0](http://dx.doi.org/10.1016/S0346-251X(03)00046-0)
- 6 Seven climate turkish. (2015). <https://www.yee.org.tr/tr/yayin/yedi-iklim-turkce-a1-ders-kitabi>
- 7 Aida, N., Aliya, O., Mekhurnis, K., Feruza, S., Gulzhan, K. (2021). History of creating curricula, programs and textbooks on foreign language for universities of Kazakhstan [Text]. *Cypriot Journal of Educational Sciences*, 16(5), 2726-2741.
- 8 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика және психология [Мәтін]. – Алматы : Мектеп, 2002. – 256 б.
- 9 Ожегов С.И. Словарь русского языка [Текст] / Под ред. чл.-корр. АН СССР П.Ю.Шведовой. – 18-е изд., стереотип. – М. : Рус. яз., 1987. –С. 797
- 10 Толковый словарь Ушакова онлайн [Текст]. – Режим доступа: <https://ushakovdictionary.ru/word.php?wordid=24550>
- 11 Р.С.Рахметова. Қазақ тілін оқыту әдістемесі [Мәтін]. – Алматы : Рауан, 2016. -224 б. 978-601-7468-24-9
- 12 Рыжаков М.В. Введенский В.Н. Моделирование профессиональной компетентности педагога [Текст] // Педагогика. – 2003. – №10. – С. 51-55.



- 13 Подгурская Иоанна, Лукьянова М.И. Психолого-педагогическая компетентность учителя [Текст] // Педагогика. – 2001. – №10. – С. 56-61.
- 14 Шишов С.Е. Компетентностный подход к образованию: прихоть или необходимость? [Текст] / С.Е. Шишов, И.Г. Агапов // Стандарты и мониторинг в образовании, – 2002. – март-апрель. – С. 58–62.
- 15 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына 7-қосымша Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты [Мәтін]. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>
- 16 Halian, I. (2016). Value-semantic self-regulation of personality: Genesis and mechanisms of functioning [Text]. Drogobych : DSPU.
- 17 Kazibekova, V. F. (2019). Psychological features of communicative competence of future professionals [Text]. Insight: the psychological dimensions of society, 2, 64-71. DOI: 10.32999/2663-970X/2019-2-9
- 18 Петровская Л.А. Компетентность в общении: социально-психологический тренинг [Текст]. – М. : Издательство МГУ, 1998 – 348 с.
- 19 Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность [Текст]. – М., 1977.
- 20 Емельянов Ю.Н. Теория формирования и практика совершенствования коммуникативной компетентности [Текст]. – М. : Просвещение, 1995. – 183 с.
- 21 Мудрик А.В. Социализация личности [Текст]. – М., 2006.
- 22 Руденский, Е. В. Основы психологической технологии общения менеджера [Текст] / Е. В. Руденский. – Кемерово, 1995, – 181 с.
- 23 Зотова И.Н. Коммуникативная компетентность как аспект социализации подростков в условиях информатизации общества [Текст] // Актуальные социально-психологические проблемы развития личности в образовательном пространстве XXI века». – Кисловодск, 2006. – 109 с.
- 24 Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі : оқу құралы [Мәтін]. / Оразбаева, Ф. Ш., Рахметова, Р. С., - Алматы : Print-S, 2005 . – 170 б. Библиогр.: 166-169 б. – 9965-482-25-X

Материал 01.06.2022 баспаға түсті

#### REFERENCES

- 1 Suleimenova, Zh.N., Orynbaev, A.A. & Abitzhanova, Zh.A. (2009) *Kazak tilin okytu adistemесinen kyskasha anyktagysh-sozdik* ) [A concise dictionary of methods of teaching the Kazakh language]. Almaty: Jevero. (In Kazakh).
- 2 Canale, M., & Swain, M. (1980). Theoretical Bases of Communicative Approaches to Second Language Teaching and Testing. Applied Linguistics Elektronnyj resurs: <http://dx.doi.org/10.1093/applin/1.1.1>
- 3 Dornyei, Z., & Thurrell (1991). Strategic Competence and How to Teach It [Text]. ELT Journal, Elektronnyj resurs: <http://dx.doi.org/10.1093/elt/45.1.16>
- 4 Dornyei, Z., & Scott, M. L. (1997). Communication Strategies in a Second Language: Definitions and Taxonomies. Language Learning Elektronnyj resurs: <http://dx.doi.org/10.1111/0023-8333.51997005>
- 5 Littlemore, J. (2003). The Communicative Effectiveness of Different Types of Communication Strategy. System Elektronnyj resurs: [http://dx.doi.org/10.1016/S0346-251X\(03\)00046-0](http://dx.doi.org/10.1016/S0346-251X(03)00046-0)
- 6 Seven climate turkish. (2015). Elektronnyj resurs: <https://www.yee.org.tr/tr/yayin/yedi-iklim-turkce-a1-ders-kitabi>
- 7 Aida, N., Aliya, O., Mekhirnis, K., Feruza, S., Gulzhan, K. (2021). History of creating curricula, programs and textbooks on foreign language for universities of Kazakhstan [Text]. *Cypriot Journal of Educational Sciences*, 16(5), 2726-2741.

- 8 (2002) *Kazak tili terimderinin salalyk gylymi tusindirme sozdigi. Pedagogika zhane psihologiia* [Branch scientific dictionary of terms of the Kazakh language. Pedagogy and psychology]. Almaty : Mektep
- 9 Ozhegov, S.I. (1987) *Slovar' russkogo jazyka / Pod red. chl.-korr. AN SSSR P.Ju.Shvedovoj. — 18-e izd., stereotip.* [Dictionary of the Russian language [Text] / Edited by chl.-corr. USSR Academy of Sciences P.Y.Shvedova. — 18th ed., stereotype] Moscow: Rus. yaz. (In Russian).
- 10 *Tolkovyj slovar' Ushakova onlajn* [10. Ushakov's Explanatory Dictionary online]. — Elektronnyj resurs: <https://ushakovdictionary.ru/word.php?wordid=24550>
- 11 Rakhmetova, R.S. (2016) *Kazak tilin okytu adistemesi* [Methods of teaching the Kazakh language]. Almaty: Rauan. (In Kazakh).
- 12 Ryzhakov, M.V. & Vvedenskiy, V.N. (2003) *Modelirovanie professional'noj kompetentnosti pedagoga* [Modeling of professional competence of a teacher] // Педагогика. — 2003. — №10. — С. 51-55. (In Russian).
- 13 Podgurskaya, I. & Luk'yanova, M.I. (2001) *Psihologo-pedagogicheskaja kompetentnost' uchitelja* [Psychological and pedagogical competence of the teacher] // Pedagogika, 10, pp. 56–61. (In Russian).
- 14 Shishov S.E. & Agapov, I.G. (2002) *Kompetentnostnyj podhod k obrazovaniju: prihot' ili neobhodimost'?* [Competence-based approach to education: a whim or a necessity?] / Standards and Monitoring in Education, March–April, pp. 58–62. (In Russian).
- 15 *Kazakstan Respublikasy Bilim zhane gylym ministrinin 2018 zhylgy 31 kazandagy № 604 buirygyna 7-kosymsha Zhogary bilim berudin memlekettik zhalpyga mindetti standarty* [Appendix 7 to the Order of the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan dated October 31, 2018 No. 604 state mandatory standard of higher education]. Elektronnyj resurs: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>
- 16 Halian, I. (2016). Value-semantic self-regulation of personality: Genesis and mechanisms of functioning [Text]. Drogobych : DSPU.
- 17 Kazibekova, V. F. (2019). Psychological features of communicative competence of future professionals [Text]. Insight: the psychological dimensions of society, 2, 64-71. DOI: 10.32999/2663-970X/2019-2-9
- 18 Petrovskaya, L.A. (1998) *Kompetentnost' v obshhenii: social'no-psihologicheskij trening* [Competence in communication: socio-psychological training]. Moscow: MSU. (In Russian).
- 19 Leont'ev, A.N. (1997) *Dejatel'nost'. Soznanie. Lichnost'* [Activity. Consciousness. Personality]. Moscow. (In Russian).
- 20 Emel'yanov, Yu.N. (1995) *Teoriia formirovaniya i praktika sovershenstvovaniya kommunikativnoj kompetentnosti* [The theory of formation and practice of improving communicative competence]. Moscow: Prosveshhenie. (In Russian).
- 21 Mudrik, A.V. (2006) *Socializacija lichnosti* [Socialization of personality]. Moscow. (In Russian).
- 22 Rudensky, E.V. (1995) *Osnovy psihologicheskoy tehnologii obshhenija menedzhera* [Fundamentals of psychological technology of manager communication]. Kemerovo: Pritomskoe izd-vo. (In Russian).
- 23 Zotova, I.N. (2006) *Kommunikativnaja kompetentnost' kak aspekt socializacii podrostkov v usloviiah informatizacii obshhestva // Aktual'nye social'no-psihologicheskie problemy razvitija lichnosti v obrazovatel'nom prostranstve XXI veka* [Communicative competence as an aspect of adolescents' socialization in the conditions of society informatization. Topical socio-psychological issues of personality development in the educational space of the 21st century. Conference Proceedings]. Kislovodsk: [s.n.]. (In Russian).
- 24 Orazbaeva, F.Sh. & Rakhmetova, R.S. (2005) *Kazak tilin okytu adistemesi : oku kuraly* [Methods of teaching the Kazakh language: textbook]. Almaty: Print-S. (In Kazakh).

**Эффективные методы формирования коммуникативной компетентности обучающихся**  
А. К. Курманова

НАО «Евразийский национальный университет имени Н. Гумилева», г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан

*В статье рассматриваются эффективные методы формирования коммуникативной компетентности обучающихся. Данная тема относится к числу актуальных вопросов и рассматривается в тесной связи с коммуникативной направленностью обучения. Цель коммуникативной направленностью обучения – не только овладение грамматикой и лексикой изучаемого языка, но и формирование коммуникативных компетенций на языке, приобретение навыков, необходимых для использования языка как средства общения в рамках предлагаемой темы. Этот вид обучения адаптирует обучающихся к использованию языка в реальной жизни. Т. е. в учении коммуникативной направленности обучения не дается знание того или иного языка, а предполагается общение с использованием этого языка, осуществляется языковая коммуникация. Поэтому обучающиеся должны не только знать языковые формы, но и научиться использовать их в реальных коммуникативных целях. В этой связи была поставлена цель определить эффективные методы формирования коммуникативной компетенции. Для достижения этой цели в статье выполнен ряд задач, а именно: проведен анализ понятий «құзыр», «құзырет», «құзыреттілік» рассмотрена проблема коммуникативной компетентности; использован перечень научно-методических пособий, способствующих углубленному рассмотрению данной проблемы; использованы методы анализа, обобщения, сравнения. В результате определены пути формирования коммуникативной компетенции. При этом важным было признано предоставление обучающимся возможности работать с полученными знаниями, развивать их в дальнейшем и больше использовать коммуникативные методы для совершенствования навыков.*

*Ключевые слова: компетенция, компетентность, коммуникативная компетенция, коммуникативный метод, мозговой штурм, тренинг, игра.*

Материал поступил в редакцию журнала 01.06.2022

### **Effective methods of student communicative competence formation**

A.K. Kurmanova

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-sultan, 010000, Republic of Kazakhstan

*The article discusses effective methods of forming students' communicative competence, which is one of the topical issues and is considered in close connection with the communicative orientation of learning. The goal of the communicative orientation of learning is not only mastering the grammar and vocabulary of the studied language, but also forming communicative competencies in the language, acquiring skills necessary to use the language as a means of communication within the framework of the proposed topic. This type of training adapts students to the use of language in real life; i.e. in the teaching of the communicative orientation of learning, knowledge of a particular language is not given, but communication using this language is assumed, language communication is carried out. Therefore, students should not only know the language forms, but also learn how to use them for real communicative purposes. In this regard, the aim was to determine effective methods of forming communicative competence. To reach this aim, the author analyzed the concepts "kuzyr", "kuzyret", "kuzyrettilik", considered the problem of communicative competence. The sources for the research were works contributing to the in-depth consideration of this problem. The research methods were analysis, generalization, and comparison. As a result, the ways of forming communicative competence were determined. The author emphasizes the importance of providing students with the opportunity to work with the acquired knowledge, develop it in the future, and use more communicative methods to improve skills.*

*Key words: competency, competence, communicative competence, communicative method, brainstorming, training, game.*

Received: 01.06.2022